

## Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Арықбалық ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 24 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 22 сәуірде № 7321 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Арықбалық ауылы халқының пікірін ескере отырып Солтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссияның 2020 жылғы 29 желтоқсан қорытындысы негізінде, Арықбалық ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округі Арықбалық ауылының:

- Киров көшесі - Бәйкен Әшімов көшесіне;
- Куйбышев көшесі - Николай Нижников көшесіне;
- Ворошилов көшесі - Ералы Мұқашев көшесіне;
- Пролетарская көшесі - Жұмағали Саин көшесіне;
- Орджоникидзе көшесі - Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- Калинин көшесі - Достық көшесіне;
- Степан Разин көшесі - Бірлік көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Арықбалық ауылдық округі әкімі*

*А. Ашимов*